



BOSCH

PRO

GAS12-25LS

Robert Bosch Power Tools GmbH
70538 Stuttgart
GERMANY

www.bosch-pt.com

1 609 92A F6N (2025.12) T / 17



1 609 92A F6N









kk Пайдалану нұсқаулығының
түпнұсқасы







Қазақ Бет 7







G**H****I**



Қазақ

Еуразия экономикалық одағына (Кеден одағына) мүше мемлекеттер аумағында қолданылады

Өндірушінің өнім үшін қарастырылған пайдалану құжаттарының құрамында пайдалану жөніндегі осы нұсқаулық, сонымен бірге қосымшалар да болуы мүмкін. Сәйкестікті растау жайлы ақпарат қосымшада бар. Өнімді өндірген мемлекет туралы ақпарат өнімнің корпусында және қосымшада көрсетілген. Өндірілген мерзімі бұйым корпусында көрсетілген. Импорттерге қатысты байланыс ақпарат өнім қаптамасында көрсетілген.

Өнімді пайдалану мерзімі

Өнімнің қызмет ету мерзімі 7 жыл. Өндірілген мерзімнен бастап (өндіру күні зауыт тақтайшасында жазылған) істетпей 5 жыл сақтағаннан соң, өнімді тексеруші (сервистік тексеру) пайдалану ұсынылмайды.

Қызметкер немесе пайдаланушының қателіктері мен істен шығу себептерінің тізімі

- тұтқасы мен корпусы бұзылған болса, өнімді пайдаланбаңыз
- өнім корпусынан тікелей түтін шықса, пайдаланбаңыз
- тоқ сымы бұзылған немесе оқшаулаусыз болса, пайдаланбаңыз
- жауын –шашын кезінде сыртта (далада) пайдаланбаңыз
- корпус ішіне су кірсе құрылғыны қосушы болмаңыз
- көп ұшқын шықса, пайдаланбаңыз
- қатты діріл кезінде пайдаланбаңыз

Шекті күй белгілері

- тоқ сымның тозуы немесе зақымдануы
- өнім корпусының зақымдалуы

Қызмет көрсету түрі мен жиілігі

Әр пайдаланудан соң өнімді тазалау ұсынылады.

Сақтау

- құрғақ жерде сақтау керек
- жоғары температура көзінен және күн сәулелерінің әсерінен алыс сақтау керек
- сақтау кезінде температураның кенет ауытқуынан қорғау керек
- орамсыз сақтау мүмкін емес
- сақтау шарттары туралы қосымша ақпарат алу үшін МЕМСТ 15150-69 (шарт 1) құжатын қараңыз

Тасымалдау

- тасымалдау кезінде өнімді құлатуға және кез келген механикалық ықпал етуге қатаң тыйым салынады

- босату/жүктеу кезінде пакетті қысатын машиналарды пайдалануға рұқсат берілмейді.
- тасымалдау шарттары талаптарын МЕМСТ 15150-69 (5 шарт) құжатын оқыңыз.

Сорғыш үшін қауіпсіздік нұсқаулары



Барлық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді оқыңыз. Техникалық қауіпсіздік нұсқаулықтарын және ескертпелерді сақтамау тоқтың соғуына, өрт және/немесе ауыр жарақаттануларға алып келуі мүмкін.

Болашақ жұмыстар үшін қауіпсіздік нұсқаулықтары мен ескертпелерді сақтап қойыңыз.

- **Бұл шаңсорғыш балалардың, дене немесе ой қабілеттері шектелген, тәжірибесі және білімі аз адамдардың пайдалануына арналмаған.** Кері жағдайда дұрыс пайдаланбау және жарақаттанулар қауіпі пайда болады.
- **Балаларға абай болыңыз.** Балалардың шаңсорғышпен ойнамауына көз жеткізіңіз.
- **Сорылатын заттек бойынша қауіпсіздік техникасының барлық ережелерін сақтаңыз.**
- **Шамшат және емен ағашының, тас немесе асбест шаңын сормаңыз.** Бұл заттектер канцерогенді болып табылады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шаңсорғышты пайдалану, соратын заттектер мен оларды дұрыс жою туралы қажетті ақпаратты алғаннан соң ғана шаңсорғышты пайдаланыңыз. Нұсқаулықтарды дәл орындау орынсыз пайдалану мен жарақаттануларды азайтады.

⚠ ЕСКЕРТУ

Шаңсорғыш құрғақ заттектерді және тиісті шаралар арқылы сұйықтықтарды да соруға арналған. Сұйықтықтар тиюі тоқ соғу қауіпін арттырады.

- **Шаңсорғышпен бензин, май, спирт, еріткіштер сияқты жанғыш немесе жарылғыш сұйықтықтарды соруға болмайды. Ыстық, жанып тұрған немесе жарылғыш шанды соруға болмайды. Шаңсорғышты жарылу қаупі бар жайларда пайдалануға болмайды.** Шаң, бу немесе сұйықтықтар тұтануы немесе жарылуы мүмкін.

⚠ ЕСКЕРТУ

Розетканы тек пайдалану нұсқаулығында белгіленген мақсаттарда пайдаланыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ

Көбік немесе су шықса шаңсорғышты бірден өшіріп, контейнерін тазалаңыз. Кері жағдайда шаңсорғыш зақымдануы мүмкін.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шаңсорғышты тек ішкі бөлмелерде сақтау қажет.**
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Қалтқыны жүйелі түрде тазалап, оның зақымдалмағанын тексеріңіз.** Кері жағдайда шаңсорғыш дұрыс істемеуі мүмкін.

- ▶ **Электр құралды ылғалды ортада пайдалану қажет болса, автоматты сақтандырғыш ажыратқышын пайдаланыңыз.** Автоматты сақтандырғыш ажыратқышын пайдалану тоқ соғу қауіпін төмендетеді.
- ▶ **Әр пайдаланудан алдын шаңсорғышты, кабельді және айырды тексеріңіз.** Ақауды байқасаңыз шаңсорғышты пайдаланбаңыз. Шаңсорғышты өзіңіз аспаңыз, оны тек білікті маманға және түпнұсқалы бөлшектермен жөндетіңіз. Зақымдалған шаңсорғыш, кабель және айыр электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Кабельді баспаңыз немесе оны жаншып тастамаңыз.** Айырды розеткадан шығару немесе шаңсорғышты жылжыту үшін кабельді тартпаңыз. Зақымдалған кабель электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қоюдан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.
- ▶ **Жұмыс орнының жақсы желдетілуіне көз жеткізіңіз.**
- ▶ **Шаңсорғышты тек білікті маманға және арнаулы бөлшектермен жөндетіңіз.** Сол арқылы шаңсорғыш қауіпсіздігін сақтайсыз.

⚠ ЕСКЕРТУ Сорғыш денсаулыққа зиян келтіретін шаңды жұтады.

Босату және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін, соның ішінде шаң жинағыш контейнерді тазалау бойынша жұмыстарды мамандандырылған кәсіпорындарға орындауға тапсырыңыз. Тиісті қорғаныс жабдығы қажет болады. Сорғышты толық және мұқият енгізілген сүзгі жүйесінсіз пайдаланбаңыз. Кері жағдайда денсаулығыңызға зиян келуі мүмкін.

- ▶ **Пайдалану алдында сорғыш шлангтың ақаусыз болуына көз жеткізіңіз.** Шаң таралмауы үшін сорғыш шлангы шаңсорғышқа қосылуы тұрсын. Шаңды жұтып жіберу мүмкін.
- ▶ **Шаңсорғыш үстіне отырмаңыз.** Шаңсорғышты бұзуыңыз мүмкін.
- ▶ **Желі кабелін және сорғыш шлангын абайлап пайдаланыңыз.** Олардың өзге адамдарға зиян келтіруі мүмкін.
- ▶ **Шаңсорғышты тікелей бағытталған су ағынымен тазаламаңыз.** Шаңсорғыш жоғарғы бөлігінің ішіне су кірсе, ол электр тоғының соғу қаупін арттырады.
- ▶ **Шаңсорғышты тиісті тәртіппен жерге түйіқталған ток желісіне жалғаңыз.** Розетка мен ұзартқыш кабельде ақаусыз қорғаныс сым болуы қажет.

Белгілер

Төмендегі белгілер шаңсорғышты пайдаланған кезде маңызды болуы мүмкін. Белгілер мен олардың

мағынасын жаттап алыңыз. Белгілерді дұрыс түсіну пайдаланушыға шаңсорғышты дұрыс әрі сенімді пайдалануға көмектеседі.

Белгілер мен олардың мағынасы



ЕСКЕРТУ! Барлық қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді оқып шығыңыз. Қауіпсіздік техникасының нұсқауларын және ескертпелерді сақтамау ток соғуға, өртке және/немесе ауыр жарақаттануға әкелуі мүмкін.



IEC/EN 60335-2-69 бойынша L класындағы шеттік мәні $> 1 \text{ мг/м}^3$ болған денсаулыққа зиянды шаңды **құрғақ соруға** арналған сорғыш



ЕСКЕРТУ! Сорғыш денсаулыққа зиян келтіретін шаңды жұтады. Босату және техникалық қызмет көрсету әрекеттерін, соның ішінде шаң жинағыш контейнерді тазалау бойынша жұмыстарды мамандандырылған кәсіпорындарға орындауға тапсырыңыз. Тиісті қорғаныс жабдығы қажет болады. Сорғышты толық және мұқият енгізілген сүзгі жүйесінсіз пайдаланбаңыз. Кері жағдайда денсаулығыңызға зиян келуі мүмкін.



max. 1 L-Boxx
max. 15 kg

Ең көбі бір ғана L-BOXX шертіңіз.

L-BOXX және ішіндегісінің салмағы 15 кг-нан артық болмауы тиіс.



Шаңсорғышты, мысалы, тасымалдау үшін кран ілгішіне ілмеңіз. Шаңсорғышты кранмен көтеруге болмайды. Жарақаттану және зақым келтіру қаупі бар.



Шаңсорғыш үстіне отырмаңыз, баспаңыз немесе тұрмаңыз. Кері жағдайда шаңсорғыш құлауы немесе зақымдалуы мүмкін. Жарақат алу қаупі бар.



Автоматты түрде іске қосу/тоқтату құрылғысы

Жұмыс істеп тұрған электр құралдарынан түсетін шаңды сору Сорғыш автоматты түрде қосылып, біраз уақыттан кейін өшіп қалады

Белгілер мен олардың мағынасы

0

Өшіру

1



Сору

Жиналған шаңды сору

Max.
2200 W
Min.
100 W

Жалғанған электр құралының рұқсат етілген қосылым қуаты туралы мәліметтер (елге тән)
Max.: максималды қуат
Min.: минималды қуат

Өнім және қуат сипаттамасы

Пайдалану нұсқаулығының алдыңғы бөлшегінде берілген суреттерге назар аударыңыз.

Тағайындалу бойынша қолдану

Сорғыш тұтанбайтын құрғақ шаңды, тұтанбайтын сұйықтықтарды және су мен ауа қоспасын жинау, сору, тасымалдау және ажыратуға арналған. Сорғыштың шаң тудыру қабілеті тексеріліп, ол L шаң класына сәйкес келеді. Ол кәсіпорындарда, мысалы, шеберханада, өнеркәсіпте және зауыттарда пайдалануға қойылатын жоғары талаптарға сай келеді.

IEC/EN 60335-2-69 стандарты бойынша L шаң класындағы сорғыштарды тек жарылыстың шектік мәні $> 1 \text{ мг/м}^3$ болған жағдайда денсаулыққа зиянды шаңды сору үшін пайдалануға болады.

Шаңсорғышты тек барлық қызметтерді толық бағалап, шектеусіз орындай алатын болғанда немесе тиісті нұсқаулықтарды алғаннан соң пайдалану керек.

Көрсетілген құрамды бөлшектер

Көрсетілген құрамдас бөліктердің нөмірлері суреттері бар беттердегі шаңсорғыштың сипаттамасына негізделген.

- (1) Бағыттауыш ролик
- (2) Бағыттауыш ролик тежегіші
- (3) Контейнер
- (4) Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш
- (5) Шланг қысқышы (сору функциясы)
- (6) Электр құралына арналған розетка
- (7) Шланг ұстағышы
- (8) Тасымалдау тұтқасы
- (9) L-BOXX бекіткіші
- (10) Керек-жарақтарға арналған ұстағыш
- (11) Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау түймесі
- (12) Сорғыштың жоғарғы бөлігі
- (13) Сорғыштың жоғарғы бөлігіне арналған жапқыш
- (14) Ағызу қапқағының бекіткіші
- (15) Жетекші дөңгелек
- (16) Саңылау қондырмасына арналған ұстағыш

(17) Сорғыш құбырға/сору адаптеріне арналған ұстағыш

(18) Еден қондырмасына арналған ұстағыш

(19) Тоқыма сүзгі қабының ұстағышы

(20) Тоқыма сүзгі қабы

(21) Тоқыма сүзгі қабы ұстағышының бекіткіші

(22) Керек-жарақ ұстағышының бекіткіші

(23) Сорғыш шланг

(24) Үрлеп шығару шлангісі^{a)}

(25) Click & Clean жалғағышы бар шланг бекіткіші (үрлеп шығару функциясы)

(26) Батырма

(27) Сору адаптері

(28) Қисайған қондырма

(29) Сорғыш құбыр

(30) Қуыс қондырмасы

(31) Еден қондырмасы

(32) Еден қондырмасының ендімесіне арналған босату түймесі

(33) Еден қондырмасының ендімесі

(34) Сору адаптерінің сыртқы ауа саңылауы

(35) Сүзгі ұстағышы

(36) Сүзгі ұстағышының тұтқасы

(37) Қалтқы

(38) Сүзгі

a) Бейнеленген құрамдас бөлшектер стандарттық жеткізу көлеміне кірмейді.

Техникалық мәліметтер

Дымқыл/құрғақ әдіспен шаңсорғыш		GAS12-25LS
Өнім нөмірі		3 601 JS3 1..
Номиналды тұтынылатын қуат	Вт	1200
Жиілік	Гц	50–60
Резервуар көлемі (брутто)	л	25
Таза көлемі (сұйықтық)	л	18
Таза көлемі (құрғақ)	л	20
Тоқыма сүзгі қабының көлемі	л	10
Төменгі қысым		
– Шаңсорғыш ^{A)}	гПа	200
– Турбина	гПа	210
Ағын мөлшері		
– Шаңсорғыш ^{A)}	м³/сағ	126
	л/с	35
– Турбина	м³/сағ	234
	л/с	65
Шаң класы		L
Салмағы ^{B)}	кг	9,4

Дымқыл/құрғақ әдіспен шақсорғыш	GAS12-25LS
Қорғаныс класы	⊕/I

Дымқыл/құрғақ әдіспен шақсорғыш	GAS12-25LS
Қорғаныс дәрежесі	IPX4

A) Ішкі диаметрі 32 мм және ұзындығы 3,1 м сорғыш шлангімен өлшенген

B) Желілік қуат сымынсыз

Мәліметтер [U] 230 В кесімді кернеуге арналған. Басқа кернеу және елде қабылданған заңдар бұл мәліметтерді өзгертуі мүмкін.

Мәндер өнімге байланысты өзгешеленуі мүмкін, сондай-ақ пайдалану және қоршаған орта шарттарына бағынуы мүмкін.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша қараңыз: www.bosch-professional.com/wac.

Сорғыштағы розетка

Жалғанған электр құралының рұқсат етілген қосылым қуаты			
3 601 JS3 ...	Номиналды кернеу	Максималды қуат	Минималды қуат
... 100/... 1W0	230 В	2100 Вт	100 Вт
... 130	230 В	1000 Вт	100 Вт
... 170/... 1L0	220–240 В	1660 Вт	100 Вт
... 180/... 1B0/... 1E0/... 1N0	220 В	2100 Вт	100 Вт
... 1H0	220 В	1000 Вт	100 Вт
... 1K0	220–240 В	2100 Вт	100 Вт

Жалғанған электр құралының рұқсат етілген қосылым қуаты туралы мәліметтер.

Елге тән басқа үлгілерде осы мәндер өзгешеленуі мүмкін. Шақсорғыштың розеткасындағы мәліметтерге назар аударыңыз.

Шуыл және діріл туралы ақпарат

EN 60335-2-69 бойынша есептелген шуыл эмиссиясының көрсеткіштері.

Сорғыштың амплитуда бойынша есептелген дыбыстық қысым деңгейі әдетте **75 дБ(А)** құрайды. К дәлсіздігі = **2 дБ**. Шуыл деңгейі жұмыс барысында белгіленген шамадан асып кетуі мүмкін. **Құлақ қорғанысын тағыңыз!**

EN 60335-2-69 бойынша есептелген теңселу мәндері a_n (үздіксіз діріл), p_f (қайталанатын соқпа діріл) және К дәлсіздігі:

$a_n = 0,2 \text{ м/с}^2$ ($K = 1,5 \text{ м/с}^2$), $p_f = 4 \text{ м/с}^2$ ($K = 1 \text{ м/с}^2$)

Монтаждау

► **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шақсорғышты алып қоядан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шақсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Тоқыма сүзгі қабын енгізу/шығару (А–В суреттерін қараңыз)

Құрғақ әдіспен сору үшін тоқыма сүзгі қабын **(20)** орнатуға болады. Осылайша шанды қоқысқа тастау жеңіл болады.

Жапқыштарды **(13)** ашып, сорғыштың жоғарғы бөлігін **(12)** алып тастаңыз.

Тоқыма сүзгі қабының ұстағышын **(19)**, ол көлденең күйде тірелгенше жоғары қайырыңыз.

Тоқыма сүзгі қабын **(20)** тоқыма сүзгі қабының ұстағышына **(19)** тірелгенше кіргізіңіз.

Шығарып алу үшін тоқыма сүзгі қабын **(20)** сәл төмен итеріп, тоқыма сүзгі қабының ұстағышынан **(19)** тартып алыңыз.

Тоқыма сүзгі қабынсыз сору үшін тоқыма сүзгі қабының ұстағышын **(19)** қайтадан төмен қайырыңыз: ол үшін тоқыма сүзгі қабы ұстағышының бекіткіштерін **(21)** қысып, тоқыма сүзгі қабының ұстағышын төмен қайырыңыз да, оны контейнер қабырғасына қарай тірелгенше басыңыз.

Сорғыштың жоғарғы бөлігін **(12)** қайтадан орнатып, жапқыштарды **(13)** жабу арқылы контейнерді **(3)** сорғыштың жоғарғы бөлігімен **(12)** байланыстырыңыз.

Сору керек-жарақтарының ұстағышын монтаждау (C–D суреттерін қараңыз)

Сору керек-жарақтарына арналған ұстағышты **(10)** сорғыштың жоғарғы жағындағы арнайы бекіткішке тірелгенше кіргізіңіз.

Ұстағышты **(10)** алып тастау үшін оның астыңғы жағындағы бекіткішті **(22)** тартыңыз да, ұстағышты бекіткіштен жоғары қарай жылжытыңыз.

Ұстағышты **(10)** 2 бұранданың көмегімен қабырғаға да бекітуге болады.

Шлангіні монтаждау

Сору функциясы (Е суретін қараңыз)

Монтаждау үшін сорғыш шлангіні **(23)** шланг бекіткішіне **(5)** салып, оны сағат тілінің бағытымен тірелгенше бұраңыз.

Бөлшектеу үшін сорғыш шлангіні **(23)** сағат тілінің бағытына қарсы тірелгенше бұраңыз да, шланг бекіткішінен тартып шығарыңыз.

Нұсқау: Соруда сору шлангында және жабдықтарында шаң үйкелісі арқылы электр заряд пайда болады, оны пайдаланушы статикалық ток ажыралуы арқылы сезуі мүмкін (қоршаған орта әсерлеріне және дене сезімдігіне байланысты).

Жалпы ретте Bosch антистатикалық сору шлангін (жабдық) майда шаң немесе құрғақ материалдарды соруда пайдалануды ұсынады.

Үрлеп шығару функциясы (F суретін қараңыз)

► **Шаңсорғыш үрлеу қызметін орындай алады. Бос бөлмеге үрлемейіз. Үрлеуде тек таза шланг пайдаланыңыз.** Шаңдар денсаулыққа зиянды болуы мүмкін.

Үрлеп шығару шлангін (24) монтаждау үшін ауа шығару қақпағының бекіткішін (14) басып, қақпақты ашыңыз. Үрлеп шығару шлангін (24) шланг бекіткішіне (25), екі батырма (26) шерту дыбысымен ойықтарға кіргенше енгізіңіз.

Үрлеп шығару шлангін (24) бөлшектеу үшін екі батырманы (26) ішке итеріп, үрлеп шығару шлангін тартып шығарыңыз. Бекіткіш (14) ойыққа қайта кіріп кетуі үшін, ауа шығару қақпағын жабыңыз.

Сору керек-жарақтарын орнату (G суретін қараңыз)

Сорғыш шлангы (23) қысқыш жүйесімен жабдықталған, сору керек-жарақтарын (сорғыш адаптер (27), қисайған қондырма (28)) қосуға болады.

Бүріккіштер мен құбырларды орнату

- Қисайған қондырма (28) сорғыш шлангіге (23) сорғыш шлангін екі батырмасы (26) дыбыспен тірелгенше салыңыз.
- Содан кейін қажетті сору керек-жарақтарын (едендік қондырма, тесік қондырма, сорғыш құбыр және т.б.) қисайған қондырмаға (28) салыңыз.
- Шешу үшін батырмаларды (26) ішіне басып, құрамдас бөліктерді ажыратыңыз.

Сору адаптерін орнату

- Сору адаптерін (27) сору шлангына (23) сору шлангының екі басу түймешесі (26) дыбыспен тірелгенше салыңыз.
- Шешу үшін басу түймешелерін (26) ішіне басып бөліктерін ажыратыңыз.

Еден саптамасына арналған ендірмені шығару/орнату (H суретін қараңыз)

Шығару үшін еден саптамасындағы (31) құлыптан босату түймелерін (32) басыңыз. Ендірме (33) еден саптамасынан босатылады.

Орнату үшін жаңа ендірмені еден саптамасына (31) қысыңыз.

L-BOXX шерту (I суретін қараңыз)

Шаңсорғышты тасымалдау және шаңсорғыш керек-жарақтарын және/немесе электр құралын бос орынды

үнемдеп сақтау үшін шаңсорғыштың жоғарғы бөлігінде L-BOXX шертуге болады.

L-BOXX қорабын бекіткіштерге (9) қондырыңыз.

► **Шаңсорғышты шертілген L-BOXX тұтқасынан көтермеңіз.** Шаңсорғыш L-BOXX тұтқасы үшін өте ауыр болып табылады. Жарақаттану мен зақымдану қаупі бар.

Пайдалану

► **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қоядан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

Шаңсорғышты пайдаланған кезде оны кенет домалап кетуден қорғау үшін басқару дөңгелектерінің (1) арнайы тежегіштермен (2) бұғатталғанына көз жеткізіңіз. Жүргірі дөңгелектердің (15) және басқару дөңгелектерінің (1) жұмысын пайдалану алдында тиісті астыңғы бетте тексеріңіз.

Пайдалануға ендіру

- **Желі қуатына назар аударыңыз!** Тоқ көзінің қуаты шаңсорғыштың зауыттық тақтайшасындағы мәліметтеріне сай болуы қажет.
- **Еліңізде денсаулыққа зиянды шаңдар бойынша қолданылатын ереже/заңдар туралы мәлімет алыңыз.**

Шаңсорғышты төмендегі материалдарды шаңсору үшін пайдалануға болады:

- Экспозиция шегі $> 1 \text{ мг/м}^3$ болатын шанды сору
- Шаңсорғышты ешқашан жарылу қаупі бар бөлмелерде пайдаланбаңыз.

Оңтайлы сору қуатын қамтамасыз ету үшін сорғыш шлангін (23) шаңсорғыш жоғарғы бөлігінен (12) толық алыңыз.

Қосу/өшіру

Сорғышты **қосу** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 1 күйіне бұраңыз.

Автоматты түрде іске қосу/тоқтату құрылғысын қосу үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 1+ күйіне бұраңыз. Сорғыш электр құралына розетка (6) арқылы қосылған жағдайда автоматты түрде іске қосыла алады.

Сорғышты **өшіру** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 0 күйіне бұраңыз.

Құрғақ сору

► **Құрғақ әдіспен сору алдында сүзгі, контейнер мен сору керек-жарақтары құрғақ болғанына көз жеткізіңіз.** Ылғалды бөлшектерге шаң басылып, қабыршағы пайда болуы мүмкін.

Тоқыма сүзгі қабын (20) пайдалануға кеңес беріледі.

Жұмыс істеп тұрған электр құралдарынан шыққан шаңды сору (J суретін қараңыз)

► Ауа бөлмеге қайтып оралса, бөлмеде жеткілікті ауа алмаса дәрежесі болуы керек. Тиісті заңдарға назар аударыңыз.

Сорғышқа электр құралдарына арналған розетка (6) кіріктірілген. Бұл розеткаға сыртқы электр құралын жалғауға болады. Жалғанған электр құралының максималды рұқсат етілген қосылым қуатына назар аударыңыз.

Электр құралының аспирациялық келте құбырын және сорғыш шлангіні (23) тікелей немесе сору адаптері (27) арқылы жалғаңыз.

Сору адаптерін пайдалану кезіндегі нұсқау: сорғыш шлангіге аз ауа берілетін электр құралдарымен жұмыс істеген кезде, сору адаптерінің (27) сыртқы ауа саңылауы (34) ашық болуы керек. Осылайша сорғыштың және электр құралының жалпы қуаты жақсарады. Ол үшін сақинаны сыртқы ауа саңылауы (34) арқылы, саңылау барынша ашылғанша бұраңыз.

Автоматты түрде іске қосу/тоқтату құрылғысы сорғышты электр құралы арқылы автоматты түрде қосуға және өшіруге мүмкіндік береді:

– **Автоматты түрде іске қосу/тоқтату құрылғысын қосу** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 1+ күйіне бұраңыз.

– **Сорғышты қосу** үшін жалғанған электр құралын қосыңыз. Сорғыш автоматты түрде іске қосылады.

► **Электр құралын іске қосқаннан кейін, сорғыштың қосылғанына көз жеткізіңіз.**

– **Сору әрекетін аяқтау** үшін электр құралын өшіріңіз. Автоматты түрде іске қосу/тоқтату құрылғысы қалған шаңды сорғыш шлангіден сорып алу үшін тағы бірнеше секунд жұмыс істейді.

– **Сорғышты өшіру** үшін жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 0 күйіне бұраңыз.

Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау

Сору қуаты бұдан былай жеткіліксіз болса, сүзгіні алмастыру керек.

Сүзгіні тазалау жиілігі шаң түрі мен көлеміне байланысты. Жүйелі түрде пайдаланылса, максималды қуат ұзақ сақталады.

Сорғышты қосыңыз (жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш (4) 1 күйінде).

Тазалау нәтижесі оңтайлы болуы үшін, қондырма мен сорғыш шлангінің саңылауын алақанмен жабыңыз.

Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау түймесін (11) кемінде 5 рет дәйекті түрде басыңыз. Сүзгі қатты ауа ағыны арқылы тазаланады.

Ылғал шаңсоры

► **Шаңсорғышпен бензин, май, спирт, еріткіштер сияқты жанғыш немесе жарылғыш сұйықтықтарды соруға болмайды. Ыстық, жанып тұрған немесе жарылғыш шаңды соруға**

болмайды. Шаңсорғышты жарылу қаупі бар жайларда пайдалануға болмайды. Шаң, бу немесе сұйықтықтар тұтануы немесе жарылуы мүмкін.

► **Шаңсорғышты сорғы ретінде пайдалануға болмайды.** Шаңсорғыш ауа және су қоспасын соруға арналған.

► **Шаңсорғышты сүзгісі пайдалануға болмайды.**

Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау процесін дымқыл әдіспен сору кезінде іске қосуға болмайды.

Ылғалды әдіспен сору алдында

Жалқыштарды (13) ашып, сорғыштың жоғарғы бөлігін (12) алып тастаңыз.

Контейнерді (3) босатып, тоқыма сүзгі қабын (20) шығарыңыз.

Сүзгіні (38) тазалап, сорғышқа қайтадан салыңыз.

Қалтқының (37) таза болғанына көз жеткізіңіз. Қалтқы бұғатталған кезде, контейнері толы сорғышты автоматты түрде өшіру мүмкін емес.

Шаңсорғыштың жоғарғы бөлігін (12) орнатып, жалқыштардың (13) екеуін де шерту дыбысымен тірелгенше жабыңыз.

Ылғалды әдіспен сору кезінде және одан кейін

Сорғыш қалтқымен (37) жабдықталған. Максималды толтыру биіктігіне жеткен кезде, сору тоқтатылады. Содан кейін контейнерді (3) босатыңыз.

Контейнердің дер кезінде ағызылғанына қарамастан сорғыштан сұйықтық шықса, онда сорғышты бірден өшіріңіз. Сорғыштың жоғарғы бөлігін (12) алып тастаңыз да, барлық бөлшектерді жақсылап кептіріңіз.

Жұмысты аяқтағаннан кейін зең басудың алдын алу үшін сорғыштың жоғарғы бөлігін (12) және сүзгіні (38) алып тастаңыз да, екеуін де жақсылап кептіріңіз.

Техникалық күтім және қызмет

Техникалық қызмет көрсету және тазалау

► **Құрылғыны реттеу, жабдық бөлшектерін алмастыру немесе шаңсорғышты алып қояудан алдын айырды розеткадан шығарыңыз.** Осы сақтық шарасы шаңсорғыштың байқаусыз қосылуына жол бермейді.

► **Дұрыс және сенімді істеуі үшін шаңсорғыш пен желдеткіш саңылауларын таза ұстаңыз.**

Егер байланыс сымын алмастыру қажет болса, қауіпсіздіктің төмендеуіне жол бермеу үшін осы жұмыс тек Bosch компаниясы немесе Bosch электр құралдары бойынша өкілетті қызмет көрсету орталықтарында жүргізілуі тиіс.

► **Шаңсорғышты күту немесе тазалауда шаңтұтқыш маскасын киіңіз.**

Сорғыштың корпусын мезгіл-мезгіл дымқыл шүберекпен тазалап тұрыңыз.

► **Сорғышты сығылған ауамен тазаламаңыз.** Сүзгі немесе басқа да құрамдастар зақымдалуы мүмкін.

Жылына кем дегенде бір рет өндіруші немесе тапсырыс алған тұлға шаңға қатысты тексеру жұмыстарын орындауы қажет (мысалы, сүзгіде зақымдардың бар-жоғын, сорғыштың саңылаусыздығын және бақылау құрылғыларының ақаусыз жұмысын тексеру).

Денсаулыққа зиянды заттектерді сорғаннан кейін тазалау және техникалық қызмет көрсету

- Денсаулыққа зиянды заттектермен жанасқан болуы мүмкін барлық бөлшектерді ластанған деп есептеңіз.
- Сорғышты денсаулыққа зиянды заттектер бар аймақтан шығармас бұрын оның сыртын мұқият шаңсорғышпен тазалаңыз, сүртіңіз немесе саңылаусыз етіңіз.
- Өзіңіз бен басқа адамдар үшін қауіп төнбеген жағдайда ғана сорғышты тазалаңыз, бөлшектеңіз және оған техникалық қызмет көрсетіңіз. Техникалық қызмет көрсету және тазалау кезінде жеке қорғаныс жабдығын киіп жүріңіз. Жұмыстарды жақсы желдетілген жерде өткізіңіз.
- Сорғышты бөлшектемес бұрын алдымен оның сыртын тазалап шығыңыз.
- Шаңсорғышты тиісінше тазалау мүмкін болмайтын кез келген бөлшектерін өткізбейтін қаптарға салып кәдеге жаратыңыз. Бұл ретте осындай қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қолданыстағы ережелерді сақтаңыз.
- Жұмыстарды аяқтағаннан кейін техникалық қызмет көрсету аймағын тазалап шығыңыз.

Контейнерді тазалаңыз

Контейнерді (3) стандартты ысқаланбайтын тазалау құралымен тазалап кептіріңіз.

Сүзгіні тазалау/алмастыру (К–L суреттерін қараңыз)

Сору қуаты сүзгі күйіне байланысты болады. Сондықтан сүзгіні (38) жүйелі түрде тазалап тұрыңыз.

Зақымдалған сүзгіні дереу алмастырыңыз.

- Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау процесін іске қосып, содан кейін сорғышты өшіріңіз.
- Жапқыштарды (13) ашып, сорғыштың жоғарғы бөлігін (12) алып тастаңыз.

Ақаулықтарды жою

- **Ақау (мысалы, сүзгі бұзылуы) орын алса, шаңсорғышты дереу өшіру керек. Қайта қолданысқа енгізу алдында ақауды жою керек.**

Мәселе	Себебі	Шешімі
Сору турбинасы жұмыс істемей тұр.	Қуатпен жабдықтау жоқ	Желілік кабельді, ашаны, сақтандырғышты және розетканы тексеріңіз.
	Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқыш (4) 1+ күйінде.	Жұмыс режимдерін ауыстырып-қосқышты (4) 1 күйіне орнатыңыз немесе розеткаға (6) жалғанған электр құралын қосыңыз.

- Сүзгі ұстағышының (35) тұтқасын (36) жайып ①, сүзгі ұстағышын (35) тартып шығарыңыз ②.
- Сүзгіні (38) сүзгі ұстағышынан (35) шығарып алыңыз ③.
- Сүзгіні (38) жарамды қоқыс контейнерінің үстінен қағыңыз. Сүзгі пластиналарының зақымдалмағанына көз жеткізіңіз.
- Қатты ластанған жағдайда, сүзгі пластиналарын сумен және жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Содан кейін сүзгіні жақсылап кептіріңіз.
- Сүзгі (38) зақымдалған болса, оны алмастырыңыз.
- Таза әрі құрғақ сүзгіні (38) сүзгі ұстағышына (35) салыңыз ④.
- Сүзгі ұстағышын (35) сорғыштың жоғарғы бөлігіне орнатып ⑤, сүзгі ұстағышының (35) тұтқасын (36) тірелгенше жинаңыз ⑥.
- Сүзгі (38) мен сүзгі ұстағышының (35) дұрыс әрі берік орнатылғанын тексеріңіз.
- Сорғыштың жоғарғы бөлігін (12) қайта орнатып, жапқыштардың (13) екеуін де шертуды бысымен тірелгенше жабыңыз.

Сақтау және тасымалдау (M суретін қараңыз)

- Контейнерді (3) босатып, тазалаңыз. Зең басудың алдын алу үшін сүзгі (38) мен сорғыштың іші құрғақ болуын қамтамасыз етіңіз.
- Сорғыш шлангіні (23), қисайған қондырмасымен (28) сорғыштың жоғарғы бөлігін қоршап, ұстағыштарға (7) салыңыз.
- Сорғыш керек-жарақты өзінің арнайы ұстағыштарына салыңыз: сору адаптері (27) мен сорғыш құбырларды (29) – (17) ұстағыштарына, қуыс қондырмасын (30) – (16) ұстағышына, еден қондырмасын (31) – (18) ұстағышына.
- Желілік кабельді қуыс қондырмасының ұстағышына (16) ораңыз.
- Шаңсорғышты тасымалдау тұтқасынан (8) ұстап тасымалдаңыз.
- Сорғышты құрғақ бөлмеге қойыңыз және рұқсатсыз пайдаланудан қорғаңыз.
- Бағыттауыш роликті (1) бекіту үшін бағыттауыш ролик тежегішін (2) басыңыз.

Мәселе	Себебі	Шешімі
Сору турбинасы, контейнер босатылғаннан кейін де жұмыс істемей тұр.	Бастапқы күйге қайтару қажет	Сорғышты өшіріп, 5 секунд күтіңіз, содан кейін оны қайта қосыңыз.
Сору қуаты төмендеді.	Контейнер (3) немесе тоқыма сүзгі қабы (20) толып кетті	Контейнерді немесе тоқыма сүзгі қабын босатыңыз.
	Қондырма, сорғыш құбыр (29) немесе сорғыш шланг (23) бітелген	Бітелуді тазалау
	Сүзгі (38) ластанған немесе ақаулы	Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау әрекетін орындау, сүзгіні тазалау немесе алмастыру
	Сүзгі (38) сүзгі ұстағышына (35) бекітілмеген	Сүзгіні дұрыстап бекіту
	Сорғыштың жоғарғы бөлігі (12) дұрыс орнатылмаған	Сорғыштың жоғарғы бөлігін дұрыс орнатып, жапқыштарды (13) жабу
Құрғақ әдіспен сору кезінде шаңның шығуы	Сүзгі (38) дұрыс салынбаған	Сүзгінің дұрыс орнатылғанын тексеру
	Сүзгі (38) ақаулы	Сүзгіні алмастыру
Дымқыл әдіспен сору кезінде судың шығуы	Қалтқы (37) бұғатталған	Қалқымалы себетті ылғалды шүберекпен сүрту, сорғышты азғантай сілқу арқылы қалтқыны тазалау
		Қалтқы мен қалқымалы себет қатты ластанған кезде, уәкілетті Bosch қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
Сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау функциясы жұмыс істемейді.		Ауа кірісін бұғаттап, сүзгіні жартылай автоматты түрде тазалау функциясының түймесін (11) 5 реттен көп басу
		Сүзгіні тазалау функциясы сонда да жұмыс істемесе, уәкілетті Bosch қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Тұтынушыға қызмет көрсету және пайдалану кеңестері

Қазақстан

Тұтынушыларға кеңес беру және шағымдарды қабылдау орталығы:

Роберт Бош (Robert Bosch) ЖШС

050012 Алматы қ.,

Қазақстан Республикасы

Мұратбаев к-сі, 180

"Гермес" БО, 7 қабат

Тел.: +7 (727) 331 86 00

Тел.: 8 8000 700 270

Сұрақтар қою және қосалқы бөлшектерге тапсырыс беру кезінде міндетті түрде өнімнің фирмалық тақтайшасындағы 10 таңбалы өнім нөмірін беріңіз.

Кәдеге жарату

Шаңсорғышты, оның жабдықтары мен қаптамасын қоршаған ортаны қорғайтын кәдеге жарату орнына тапсыру қажет.

Шаңсорғышты үй қоқысына тастамаңыз!



Тек қана ЕО елдері үшін:

Пайдалануға әрі қарай жарамайтын электрлік және электрондық құрылғыларды бөлек жинау және қоршаған орта үшін қауіпсіз жолмен кәдеге жарату керек. Белгіленген қоқыс жинау жүйелерін пайдаланыңыз. Қате жолмен кәдеге жарату құрылғы құрамындағы қауіпті болуы мүмкін заттерге байланысты қоршаған орта мен денсаулық үшін қауіпті болуы мүмкін.

(ЕО) 2023/2854 регламентіне сәйкес өнім деректері туралы ақпарат

Желіге қосылған өнімдер немесе қосылған қызметтер оларды пайдалану кезінде деректерді жасайды. Келесі тарауларда өнім туралы жасалған деректер және өнім деректеріне қалай қол жеткізуге болатыны туралы ақпарат берілген.

Өнім деректерінің түрі

Өнім пайдаланылған кезде келесі деректер түрлерін жасай алады. Жасалған нақты деректер өнімнің ағымжағы қолданылуына байланысты.

– Пайдалану уақыты

- Батареялар туралы ақпарат
- Құрамдас бөлшек температуралары
- Функцияларды белсендіру
- Істен шығу және қызмет көрсету оқиғалары
- Қолдану бойынша ақпарат

Өнім деректерін хаттамалау


Өнім деректерін жинау және деректерді сақтау туралы ақпарат:

- 1 КБ шамасынан аз өнім деректері хаттамаланады.
- Өнім қосылған кезде өнім туралы деректерді құрылғыда сақтай алады.

Деректерге қол жеткізу және деректер пішімі

Пайдаланушы деректерді қалай шақыруға немесе алуға болатындығы туралы ақпарат:

- Пайдаланушы өнімді Bosch қызмет көрсету орталығына жіберсе, пайдаланушы ЕО ішінде өнім деректерін Bosch Power Tools қызметі (электрондық мекенжай: **PT-Service.EU-DataAct@de.bosch.com**) арқылы сұрата алады және/немесе
- Егер өнім сымсыз интерфейсті қамтамасыз етсе, пайдаланушы сәйкес Bosch Power Tools мобильді қолданбасы арқылы өнім деректеріне тікелей қол жеткізе алады.
- Деректер жалпы қолданыстағы және машина оқи алатын пішімде (мысалы, JSON) беріледі.



2 608 001 245



2 608 001 246



1 619 PC9 971




2 608 000 585



2 608 001 248



2 608 000 887




2 608 001 247

2 608 001 217



2 608 001 209



1 619 PC9 972

2 608 001 211



2 608 001 224



Servicekontakte
Service Contacts
Contacts de Service
Contactos de Servicio



<https://www.bosch-pt.com/serviceaddresses>

Garantiebedingungen
Guarantee Conditions
Conditions de Garantie
Condiciones de Garantía



<https://www.bosch-pt.com/guarantee/202507>